

ӘОЖ 322

Е.Ө. Садибеков, Е.Е. Омарғазы*

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: yerga@mail.ru

**Адамзат тарихындағы діни бостандықтың
қалыптасу кезеңдері және оның саясатқа ықпалы**

Мақала адамзат тарихындағы кейбір діндер мен діни бөліністердің даму эволюцияларын және олардың саясатқа ықпалын талдауға арналған. Сонымен қатар, мақала негізі тарихтағы діни бостандық пен діни толеранттылықтың қалыптасуы шегінде баяндалады. Діни төзімділік пен діни сенімнің мемлекет өміріндегі жетекші ролін, мемлекеттік тұрақтылық пен дамудың көрсеткіштерінің бірі ретінде анықтайды. Мақала шеңберінде ретроспективті талдау жасалынып, Кирдің өз мемлекетін ұлғайтуы, күшейтуі кезінде діни бостандыққа қатысты қалай және қандай саясат ұстанғаны жайында, Шыңғысханның мемлекеттік саясатындағы діннің ролі туралы, Франция, Ұлыбритания, АҚШ-тағы басқа елдердің саяси тарихындағы діннің ахуалы, діни бостандық туралы көптеген факторлық және дискретивті мысалдар келтірілген. Мақала мақсаты келесідей түсініктерге қатысты сұрақтарға жауаптар іздеу: дін мен саясат, адамдар бостандығы мен діни сенім еркіндігі, адам және оның конституциялық құқығы, дін саласындағы мемлекет саясаты қандай болуы керек және тағы басқа.

Түйін сөздер: дін, мемлекет, саясат, саяси ерік-жігер, діни бостандық, діни төзімділік, мемлекеттік қауіпсіздік, конституция.

Ye.O. Sadibekov, Ye.Ye. Omargazy

**The stages of formation of the religious freedom
and its influence on policy in the history of mankind**

The article is devoted to the analysis of the evolution of some religions and religious movements and their influence on policy in the history of mankind. As well as, article based outlines the history of the formation within the religious freedom and religious tolerance. Specifies the leading role of religious tolerance and religious faith in state life, as one indicator of the stability and development of the state. In Article is carried out a retrospective analysis, are given a lot of factorial and descriptive examples of how and what policies adhered King Cyrus respect for religious freedom that be increase, strengthening of the him state, about role of religion in state policy of Genghis Khan, about religious freedom, the position of religions in the political history of France, UK, USA and other countries. The purpose of the article to find answers to questions related to the following notions: religion and policy, human freedom and freedom of religion, human and his constitutional rights, what should be the policy of the state in the sphere of religion and etc.

Key words: Religion, government, politics, political will, religious freedom, religious tolerance, state security, constitution.

Е.О. Садибеков, Е.Е. Омарғазы

**Этапы становления религиозной свободы и ее влияние на политику
в истории человечества**

В статье анализируется эволюция развития некоторых религий и религиозных течений и их влияние на политику в истории человечества. Излагается история формирования религиозной свободы и религиозной толерантности. Определяется ведущая роль религиозной терпимости и религиозной веры в жизни государства как одного из показателей стабильности и развития госуда-

рства. Приводятся множества факторных и дискрептивных примеров о том, как и какой политики придерживался Кир по отношению к свободе вероисповедания при увеличении, усилении своего государства, о роли религии в государственной политике Чингисхана, о религиозной свободе, положении религии в политической истории Франции, Великобритании, США и других стран. Цель статьи – искать ответы на вопросы, связанные со следующими понятиями: религия и политика, свобода человека и свобода вероисповедания, человек и его конституционные права, каковой должна быть политика государства в религиозной сфере и т.д.

Ключевые слова: религия, государство, политика, политическое волеизъявление, религиозная свобода, религиозная терпимость, государственная безопасность, конституция.

Қазіргі таңда діни мәселе әр мемлекет үшін өзекті болып табылады. Өйткені діни мәдениеті қалыптаспаған мемлекеттерде терроризм және діни экстремизмнің шарықтау мүмкіншілігі жоғары екенін байқасақ болады. Сондықтан әр мемлекет терроризмге және діни экстремизмге қарсы күрес жүргізіп жатыр, әр мемлекеттің осындай қоғам дертіне қарсы күрес жүргізудің өзіндік стратегиясы бар. Бірақ мұндай қатерлермен күрес жүргізгенше, олардың алдын алған жөн болар еді. Алдын алу жолдары өте көп, бірақ ең маңыздысы менің ойымша, ол діни мәдениет қалыптастыру. Діни мәдениет қалыптастыру арқылы, біз бұл қоғам дертінен құтыламыз. Діни мәдениет не береді? Жалпы халық үшін, бірінші кезекте мемлекеттің әр азаматы әрбір діннің құндылығын түсінуге және пайда болған алғашқы әрбір әлемдік дінде зорлық-зомбылыққа қарсы екенін, сонымен қатар күштеуге шақырмайтынын көрсетеді. Қай дін болмасын, ислам, буддизм немесе христиан діні, олардың бірінші кезекте адам табиғатында бар зұлымдықтың алдын алып, оны таза өмірге шақыру құндылығынан тұратындығы. Дін арқылы адам өзінің нәпсісін тияды, екінші адамға зұлымдық жасамау қағидасын бойына сіңіреді. Жалпы мемлекеттің қалыптасуында дін үлкен рөл ойнайды. Ол бірлік, тұтастық секілді түсініктерді қалыптастыруға көмек көрсетеді. Сондықтан болар, әрбір мемлекет діннің рөлін ерекше көреді.

Жалпы адамзат тарихында дінді қудалаған мемлекеттер көп емес, солардың бірі Кеңес Одағы болып табылады. Кеңес Одағының жағдайы бәрімізге мәлім, бұндай тоталитарлы мемлекеттер адам өмірінің барлық аясын бағдарлауға тырысады, сонымен қатар рухани аясына да қол сұғушылығын байқаймыз. Дегенмен, Кеңес Одағы қаншалықты осы саланы бақылауға тырысса да, адамдар бәрібір Құдайға сыйынуын тоқтатпады. 70 жылдық дінді мойындамау өз нәтижесін берді. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін адамдар да діни мәдениет жоқ болды. Осының нәтижесінде көршілес мемлекеттерде және Қазақстанның

өзінде көптеген діни секталар орын алып, халықтың діни сауатсыздығын пайдалана отырып, ақша жасауға мүмкіншілік алған. Солардың бірі кең тараған діни ағым «Ақ жол» болатын. Олар мысалы, мемлекет енді тәуелсіздік алған кезде дінді ақша жасау жолына түсіріп алған. Ақжолдықтар ауыл ауылды аралап, сіздерді «қасиетті жерлерге турларға» апарамыз деп, ақша жиғызып, бизнес құрып алған болатын. Әрине, олар қарапайым азаматтардан екі есе қомақты қаржы жинап алып, «қарапайым турлар» ұйымдастырған. Егер де азамат өз ақшасына баратын болса, онда ол азамат үшін екі есе арзанға түсер еді. Бұл бір ғана мысал, бірақ осындай арам пиғылдары бар діни ағымдармен күрес жүргізу керек. Ол жоғарыда атап кеткен қоғам дерті. Оның өзі қазіргі таңда «кәдімгідей бизнес» болып табылады. Оныменен күресуге қыруар қаржы жұмсалуда, өйткені терроризммен күресу үшін қомақты қаржы бөлінуде, егер де Қазақстанда ол жемқорлықпен байланысты болса, онда өзге мемлекеттер үшін қара нарықта қару сату арқылы бизнес жасау мүмкіншілігі туындайтыны сөзсіз. Мемлекет осы мәселені сезгенде ғана, осы салада тәртіп орнай бастайды. Діни сауатсыздықтың арты терроризмге немесе діни экстремизмге ұласатыны хақ. Өзіміз көріп отырғандай діни ағымдар бірінші кезекте діни сауатсыз адамдарды алдап-арбап өздерінің құрбандары қылады. Бірінші кезекте құрбанды таңдамас бұрын, олар түпкілікті азаматты зерттейді де, оның психологиясына жалған түсініктерді енгізе бастайды. Алданған азамат игі іс үшін қызмет етіп жүрмін деп адасады. Олар өз өмірін құрбан етсе дағы осы идеяға сеніп жүреді, ал жоғарыда тұрғандар осы азаматтар арқасында ақша жасайды. Қазіргі таңда, әсіресе демократиялық мемлекеттерде қоғам пікірін ауыстыруға немесе өзіне керекті заңды қабылдату үшін мемлекеттің өзі де осы құралдарды пайдаланып жатады. Қорқыныш, ол – ең үлкен мотиватор болып табылады. Террористердің және діни экстремистердің негізгі мақсаты халықта үрей туғызу арқылы өзде-

ріне керекті заңды қабылдату. Айтып кеткендей, кейбір мемлекеттер де кеңінен осы әдістерді пайдалануы мүмкін. Бірақ бұл әдістің пайдаланғанын дәлелдеу қиын болып табылады. Әрине, бұл дәлелденбеген және әрі көп болжамның бірі ғана, дегенменен мысал ретінде айтсақ, АҚШ-та 2001 жылы 11 қыркүйекте болған террористік актіні мемлекет өзі ұйымдастырған деген қауесет тараған болатын. Өйткені, террористік акт жасалғаннан кейін мемлекет қауіпсіздік саласына миллиардтаған ақша жұмсаған болатын. Азаматтар үшін ол таңғаларлық нәрсе болмады, өйткені олардың сенімі бойынша мемлекет ол ақшаны өз азаматтарының қауіпсіздігі үшін жұмсалып жатыр деген үміт қалыптасты. Адам өз қауіпсіздігі үшін кез келген заңды мақұлдауға немесе кез келген ақшаны жұмсауға дайын. Егер, А. Маслоудың жасап шығарған «қажеттіліктер иерархиясы» теориясына сүйенетін болсақ, онда адамдар өзін қауіпсіз сезінбесе онда олар келесі даму сатысына өте алмайды екен, егер де ол келесі кезеңге өте алмаса, онда ол адам өзін бақытсыз сезініп, іштей агрессия туындайды, дәл осы агрессия уақыт өте келе мемлекеттің тұрақсыздығына әкелуі әбден мүмкін.

Дін және діни бостандық мәселесі ежелден келе жатқан мәселелердің бірі болып табылады. Ежелден билік басындағы патшалар дін мәселесіне ерекше көңіл бөлген екен. Дін бостандығының негізі сонау атышулы Кир патшаның кезеңінен бастау алады десек қателеспеспіз? 1879 жылы Ежелгі Вавилон орналасқан жерде Ормузда Рассама бастаған археологиялық топ, Кирдің манифестін тауып алған. Ол манифестте тарихта бірінші рет дін бостандығы мәселесі жазылған болатын. Мысалы, Кирдің жазған манифестін кейбіреулер «Адам құқықтарының бірінші декларациясы» деп те атап жатады. Дегенмен, Кир диктатор екенін де ұмытпаған жөн. Кир Вавилонды соғыссыз алғаннан кейін бірден манифестін жариялайды. Онда ол өзінің жеңістері жайлы, сол кездегі патша Набонидтің халыққа және солардың өзі қиялынан жасап алған «мардук құдайына» жасаған жаманшылығын атап, жаулап алынған вавилондықтар кез келген құдайына табынуына рұқсат етіледі делінген [1].

Бұл әрине, саяси қадам болды, дегенмен ол қалаған эффектісіне қол жеткізді. Вавилондықтар көтеріліс жасап немесе Кирдің билігіне қарсы болған жоқ. Кир бағындырған мемлекеттердің діни саясатына араласа бермейтін, негізгісі егер де бағынған елдер Кирдің билікті олардың құдайынан алды дегенге сенсе болды. Ежелгі

заманда билік табиғатының қасиеттілігіне байланысты, патшалар билікті құдайдан алдық деп сендіруге тырысатын. Кир үшін маңызды болғаны вавилондықтардың оны «мардук құдайынан» билікті алды деуге сендіруге, вавилондық әскер арқылы және олардың экономикалық қуаты арқылы ол өзінің жаулаушылық саясатын әрі қарай жалғастыруға мүмкіншілік алды. Кирдің ұрпақтары Камбис, Кирдің саясатын жүргізді, ол да діннің маңызын түсініп, өзге жаулап алған елдерге діни бостандықты беруге тырысқан болатын. Дегенмен, Ксеркс бір дінді қалыптастыруға тырысты, вавилондықтардың қарсылығына қарамай, солардың сенген «мардук құдайының» бас абызын өлтірген болатын. Діни төзімділік саясаты арқасында Кир, мемлекеттегі діни тұрақтылыққа қол жеткізді.

Тарихта осындай жайт дәл III ғасырдан кейін Ежелгі Үндістанда орын алды. Маурийлер династиясынан билікке Ұлы Ашока келді. Ашоканың жарлар да жазған жазбалары қазіргі заман Үндістан, Пәкістан, Непал және Ауғанстан территорияларында табылған. Ол тарихта өзінің ерлігімен, ұлы империя құруымен және ұрпағына дұрыс басқару, таза өмір секілді жазулармен қалды. Аңыз бойынша Ашоканы барлығы «Чанда Ашока» деп атаған, былай айтқанда «Қатігез Ашока». Аңыздарға сүйенетін болсақ, бұл қатігез адам жайлы Буддизм дінін қалыптастырушы Сидхартта Гаутама айтып кеткен екен. Будданың айтуы бойынша: «Мен кеткеннен кейін, 250 жылдан кейін, буддизмді таратушы ұлы патша келеді», – деген [2].

Сөйтіп б.з.д. 238 жылы билікке Ашока келеді. Ол алғашында өте қатігез патша болады. Бірақ бір жағдай оны өзгертеді, ол өзінің жарда жазып кеткен эдиктерінде де осыны белгілеп кетеді. Ашоканың өзгеруіне себепкер оқиғалардың бірі ретінде Калинга атты көршілес мемлекетті жаулау болды, осы аталған мемлекетпен соғыс барысында Ашока бойынша 150 мың құлдыққа айдалған, ал 100 мың адам өлтірілген болатын [3].

Осы жағдайдан кейін Ашоканың көзқарасы өзгеріп дін бостандығына қатысты жарға жазылған эдиктерін қалдырды. Дегенмен, Ашока буддизмді қабылдағанына қарамастан, басқа діндерді де қыспаққа алған жоқ, ол кезінде өзге де діндер кеңінен тарауға мүмкіншілік алды. Ашока бойынша: *«Өз дінін сүйгендіктен, өзінің ғана дінін мақтайтын және өзге діндерді қабылдамайтын адам, керісінше өз дініне зиян келтіреді. Сондықтан дискуссия құрған жөн.*

Өзге діндерді таратындардың доктриналарын сыйлап және тыңдай алу керек. Осылай істеген жағдайда сен өз дінінің мықтылануына көмек бересін және басқа да діни ағымдарға көмек көрсетесің. Сайып келгенде, барлығы бірін-бірі сыйлаған жөн» [4].

Ашока құрған империя өзі қайтыс болғаннан кейін ыдырап кетті. Бірақ, Ашоканың ұрпаққа қалдырған өсиеті қатты ықпал етті. Жалпы Ашоканың қалдырған өсиеттері тек үндістерге емес, сонымен қатар бүкіл әлемге ықпал етті. Өйткені Ашока басқарған кездегі империя діни төзімділікке негізделген болатын, соның нәтижесінде Үндістанда пайда болған көптеген ағымдар тыныштықта өмір сүрді. Бұл өзге пайда болған ағымдардың ішінде діни төзімділіктің дамуына ықпал еткені даусыз. Ашока діни төзімділік жайлы эдиктерінің арқасында көптеген жаулаған мемлекеттері өздерінің діндерін және мәдениеттерін сақтап қалды, ол саяси тұрақтылықты қамтамасыз етті. Осыны түсінген Ашока діни төзімділік саясатын кеңінен жүргізді. Бұндай тұрақтылық нәтижесінде мемлекет экономикасы шарықтады, мықты экономика және діни тұрақтылық жаулаушылық саясатты арықарай жүргізуге мүмкіншілік берді.

Келесі кезеңде Рим империясын да атап кеткен жөн болар. Мұндағы саясат өзгешелеу болып келеді. Рим империясы кезеңде егер де жауланған мемлекеттер өздерінің құдайларымен қатар, римдіктердің де құдайын мойындаған жағдайда діни бостандық берілетін [5]. Римдіктердің діни саясаты Ашокадан немесе Кирдің діни саясатымен құсастықтары бар десе болады. Дегенмен, Римнің діни саясатының ерекшелігі бар, жауланған мемлекеттердің Құдайларын өздерінің діни сенімдеріне қоса алған. Жауланған елдерде тұрақтылық сақтау үшін, олардың мәдениетіне сый-құрметпен қатар, олардың құдайларын екінші деңгейлі құдайлар ретінде қарастырылды. Бірақ, Рим империясында христиан діни орнамағанша дейін, орталықтанған дін болмаған болатын. Сондықтан дін негізінде ірі соғыстар Рим империясының тарихында орын алмады. Тек христиан діни тарай бастағаннан кейін, өзге дінді ұстанушыларды қудалау басталды.

Байқағанымыздай, Рим империясындағы діни бостандық мәселесі күрделі болған жоқ, бірақ олар жауаланған мемлекеттер де тұрақтылық сақтау үшін қолданған шаралары тиімді екенін көруге болады.

VIII ғасыр бұрын бір адам бүкіл әлемді жаулап алғысы келді. Оның есімі – Шыңғысхан.

Шыңғысхан өз империясын құрғаннан кейін, ішкі тұрақтылықты нығайтуға бел буды. Соның нәтижесінде «Яса» заңдар жинағы дүниеге келді. «Яса» заңы бойынша Шыңғысхан жазып кеткен: *«Ол барлық діндерді сыйлау қажеттілігін, бір дінге ғана басымдық берілмеу керектігін бекітті. Бұның барлығы Құдайға жағу әдісі ретінде атап кетті» [6].* Жалпы бәріміз білетіндей, «Яса» заңдар жинағы нақтыланып Шыңғысханның қарсыластарының еңбектерінен көреміз. Моңғолдар алғашқы таңда өздерінің тарихшысы болмағандықтан, оларға қатысты деректерді біз арабтардан немесе қытайлардан алып жатамыз.

Қазіргі таңда айтылған осы мысалға бірегей пікір жоқ болып отыр, өйткені Шыңғысханның өмір баянын зерттеген Гарольд Лэмбке сенетін болсақ, (ол Ясаның құрылымын және кейбір бөлімдерін жазып кеткен) Яса бойынша «Тек бір Құдай бар және бір Құдайға табынуға рұқсат етіледі», – делінген [7]. Сондықтан бұл мәселе ашық болып табылады. Қазіргі таңда Яса заңдар жинағына қатысты ғалымдар арасында дау көп. Тарихтан білетініміздей, моңғол империясы Орталық Азияны, Қытайдың солтүстік бөлігін, кейін Шыңғысхан ұрпақтары Еуропаның оңтүстігін, Ресей жерлерін, Қытайды, Үндістанды және де басқа да мемлекеттерді жаулап алған болатын. Сондықтан моңғолдар үшін осындай үлкен империяда тұрақтылықты сақтап қалу маңызды болды. Өйткені моңғол әскері бәріне жетпейді, соғыс жүргізіп басып алу бірнәрсе, ал оны басқарып, үнемі бағынышта ұстау екінші мәселе. Тұрақтылықты және елдің толық бағынуын қамтамасыз ету үшін діни төзімділік мәселесі алда тұрды деп ойлаймыз. Діни тұрақтылықты сақтау үшін, ол жауланған мемлекеттің мәдениетін мойындау болып табылады. Ал мәдениетінің үлкен бір бөлігі әрине ол оның діни болып табылады. Бірақ тарихта мұсылмандарды қудалау немесе христиан миссионерлерін қабылдамау көп болған. Бідің ойымызша, бұл мәселе көбінесе моңғолдар арасында өзге діндердің тарамға тойтарыс беру ретінде қарастыруға болады, өйткені өзге дінді қабылдау, ол өзінің мәдениетімен қош айтысумен қатар деп ойлаған болар. Діни шайқастар моңғол империясының ішінде аса маңызды рөлді атқармады, бұнда көбінесе моңғол империясы өзге дінді мемлекеттермен соғысты жүргізіп отырды.

Егер Гарольд Лэмбтің қалдырған Яса заңының нұсқасын талдайтын болсақ, ол біздің

ойымызша тұрақталған моңғол империясының қалыптасып, күшейген кезіне қатысты болар. Өйткені, Шыңғысханның амбициялары өте жоғары болды, ол амбицияларды жүзеге асыру үшін жалғыз моңғолдар әскері жеткіліксіз болды. Діни төзімділік мұндай жағдайда тиімді саясат болып табылады, өйткені діни басымдықты сақтамаған жағдайда, жауланған мемлекеттің саяси элитасынан жақтастар табу, сол амбицияларды жүзеге асыру сөзсіз тиімді болар еді. Қазіргі таңда, жоғарыда атап кеткендей Яса заңына қатысты бірегейлік жоқ.

1573 жылы Польша және Ұлы Литовтік княздігінің арасында варшавалық конференция өтті, ол конференция нәтижесінде Варшавалық конфедерацияның Актісіне қол қойылды. Бұл Еуропада діни бостандық беретін бірінші құжат болып табылады. Варшавалық конференция Люблиндік униялар қабылданғаннан кейін өткен болатын, өйткені Люблиндік униялар нәтижесінде Речь Посполитая мемлекеті пайда болған болатын. Жалпы жаңа мемлекет пайда болғаннан кейін, жаңа проблемалар пайда болды. Мысалы, Речь Посполитая мемлекетінде бір король, бір сейм, бір салық жүйесі және ақша болғанымен бірегей шіркеу болмаған болатын. Сондықтан бұл ішкі тұрақтылыққа зиян әсерін бере бастады. Шығыс жерлерінде православтіктер болса, мемлекеттің батысында және солтүстік өңірінде жергілікті протестантизм орын алған болатын [7]. Осы Варшавалық конфедерацияның негізгі жетістігі ретінде қандай дін болмасын, діни төзімділікті жариялағанын атап кетсе болады. Өзге дінге сенушілерге, иудейлерге, мұсылмандарға, протестанттарға және схизматиктерге діни бостандық жарияланды. Бұл құжатқа католиктік епископтар қол қоймады, олардың пікірінше, поляктік мемлекеттің мемлекеттілігін жояды, Құдайдың атына кір келтіреді деген болатын [8].

XVI ғасырда Францияда да осы дін бостандығы мәселесі көтерілген болатын. Ортағасырдағы Францияда діни негізде қуғын-сүргін кең тараған тәжірибе еді. Христиан дінінің тармақталған ағымдарына кеңінен тыйым салынды. Сол кезде әсіресе тарай бастаған протестанттық ағым қыспаққа алынды. Діни төзімділік болмағандықтан протестанттардың жағдайы мүшкіл болды. Франция да протестанттармен католиктер арасында діни негізде қақтығыстар жиілеп кетті. Сол кезеңде протестанттық ағымды ұстанатын христиандар үшін гугеноттар атты лақап ат берілген болатын. Протестанттық ағым

күшейе берген сайын, олардың қатардағы гугеноттар саны арта берді. Бұл қақтығыстар мемлекет экономикасына ешбір пайда әкелмеді. I Францисктен III Генрихке дейін Франция да діни соғыс орын алды. Аталған корольдер басшылық еткен кезеңде протестанттар құдаланып, оларға қарсы көптеген эдикттер қабылданды. Сөйтіп III Генрих дүние салған соң, таққа IV Генрих отырғаннан кейін жағдай өзгерді. Гугеноттардың сансыз шағымдарынан кейін 1598 жылы Нанта қаласында Нанталық эдикт қабылданды. Бұл эдикт протестанттармен католиктердің діни құқықтарын теңестірді, 30 жылдық соғыстың тоқтауына әкелді [9].

Нанттық эдикттің 3 тармағы бойынша, оған дейін тыйым салынған католиктердің құдайға сыйынуына рұқсат етілді, сонымен қатар 1597 жылға дейін гугеноттарға құдайға сыйынып жүрген жерлеріне де рұқсат етілді. Былай айтқанда, діни соғыстар нәтижесінде (Франция тарихында гугеноттармен католиктер арасында қақтығыс 8 рет болды) гугеноттар басым жерде католиктерге және керісінше, католиктер басым аймақтарда гугеноттарға құдайға сыйынуға тыйым салынған болатын. Нанттық келісім нәтижесінде тыйым салынған аймақтар ашық деп жарияланды. Нанттық эдикт бойынша:

III. Бұйырамыз, римдік католиктік апостолдық дін біздің патшалықтың оған тыйым салынған жерлерінде барлық аймақтарында қайта қалпына келтірілсін...бейбіт, ешқандай көтеріліссіз және тыйым салусыз құлшылық етсін.

Біздің құзырымыздағы азаматтар арасында бүлік және егерлерге жол бермеу үшін, реформаланған дінді ұстанатындарға біздің патшалықтың барлық қалаларында еркін өмір сүруіне және құлшылық етуіне біз рұқсат бердік [10].

Нанттық келісім барлық діни мәселені шешкен жоқ, дегенмен Францияда тұрақтылық орнады. Гугеноттарға тек Парижде және кейбір ірі қалаларда құлшылық етуге рұқсат берілмеді, алайда сол қалаларда өмір сүруге тыйым салынбаған болатын. Бұл шешім IV Генрих үшін оңайға түспеді. Өйткені ол бүкіл патшалықты бағындыру үшін ғана католик дінін ұстанған болатын, алғашында ол гугеноттар жағында III Генрихке қарсы соғысты бастаған болатын. Бірақ өзінің ерлігі және саяси басымдылығы арқасында парламентке осы заңды қабылдатты.

Осы саяси шешімнің арқасында мемлекетте тұрақтылық орнаумен қатар, экономиканың өрлеуі байқалды. Дегенмен, 1685 жылы Людовик XIV бұл заңды жоққа шығарды. Сол кезеңнен

гугенотармен протестанттар арасында толассыз қақтығыстар басталды. Олар тек XVIII ғасырдың екінші жартысында тоқтады.

1688-1689 жылдары Ұлыбритания да саяси өзгерістер орын алды. II Яков тақтан ысырылды. Тарихта бірінші рет көтерілісті қарапайым халық жасаған жоқ, керісінше дворяндар және аристократтар ұйымдастырды. II Яков Ұлыбритания да басым болып табылатын протестанттарға қатысты құқықтарын шектеуді бастады. Бұл протестанттардың наразылығына әкелді. Наразы болған протестанттар бірден қамауға алынды. Корольге көптеген аристократтар қарсы бола бастады. Сол кезеңде корольдің саясатына көңілі толмаған көрнекті жеті ағылшын саясаткерлері граф Денби, граф Ч. Шрусбери, лорд У. Кавендиш, виконт Р. Лэмлэй, адмирал Э. Рассэл, епископ Лондонский Г. Комптон және Г. Сидней Вильгельм Оранскийге құпия шақыру берді, ол шақыруда олар 20 ағылшынның ішінде 19-ы көтеріліске дайын және протестанттық корольдің билікке шарықтауына қуанады делінген болатын [11].

Осы жоғары да атап кеткен саясаткерлермен қатар Вильгельм Оранский келісімге келіп II Яковты биліктен ысырады. Биліктен ысырылған II Яков Францияға қашып кетеді, дегенмен сол Францияда жүрсе де мемлекетте болып жатқан саясатқа ықпал еткісі келеді. Ол монархияны реставрацияға шақырады, дегенмен көңілі қалған аристократия онымен келісімге бармайды. Таққа Вильгельм Оранский және оның әйелі Мария отырады. Таққа отырысымен ол «Құқықтар жайлы билль» және «Дін төзімділігі жайлы актқа» қол қойды. Құқықтар жайлы билль монархтың билігі шектеді, сонымен қатар қарапайым азаматтардың құқықтары да ескерілетін болды (әсіресе, жекеменшігі бар азаматтардың құқығы). Құқықтар жайлы билль бойынша король қашқанына байланысты тақтан бас тартты деп есептелінді [12].

Дін төзімділігі жайлы актта егер де баптистер, нонконформистер-протестанттық диссентерлер (нонконформистер-протестанттық диссентерлер сол кездегі Ағылшын шіркеуіне қарсы шыққандар) «Даңқты революция» нәтижесінде жаңадан келген монархтың билігін мойындаған жағдайда оларға қарсы қудалау болмайды делінген болатын [13]. Жалпы нонконформистер-протестанттық диссентерлер қудалауға ұшырамау үшін, бірнеше процедурадан өту керек болатын. Олар корольді Шіркеу басшысы екенін ант астында мойындау керек,

Қасиетті Үштікке сену, диссиденттік пасторлардан бас тарту және отыз тоғыз бапқа қол қою, дәл осыдан кейін оларға арнайы бөлінген жерлерде құлшылық етуге рұқсат етілетін (жеке құлшылық ету кештері биліктің рұқсатысыз әлі де тыйым салынатын), ал пасторлар халық алдына шығып дін уағыздауға тыйым салынатын (егерде ол арнайы лицензия алған жағдайда ғана оған рұқсат етілетін). Осы Актіні жартылай болсын құқықтарын қорғағанымен, бұл өзге дін ұстаушылардың құқықтары бұзылмайтына және қыспаққа алмайтынына кепіл беретін. Бұл Акт Ұлыбритания да қабылданғанымен, өзге де мемлекетте болашақта әсерін берді. Актінің негізгі мақсаты мемлекеттегі протестанттардың басымдығын сақтап, сонымен қатар, өзге ағымдырдың заңсыз қызметін тоқтату болды. Өйткені сол кезеңде бөгде ағымдар көбейіп кеткен болатын. Ол дәстүрлі христиан дінінің өзінен бірнеше ағымдардың бөлініп шыққанын көріп отырмыз. Ол осы протестанттық, кальвинистік, лютерандық және т.б. көптеген кішігірім ағымдар қоғамдағы діннің беделін түсіріп, қоғамды ыдырата бастады. Сондықтан сол кезеңде басым бір дінді ұстап қалып, өзге діни ағымдардың ықпалын шектеу де маңызды болды.

Уақыт өте келе бұл шектеулер алынып тасталды. Ұлыбритания толыққанды конституциялық монархияға айналды. Конституциялық монархия орнағаннан кейін, мемлекетте демократия орнады. Ол шектеулер демократиялық құндылықтарға сай болмағандықтан, шектеулер қоғам қысымы арқасында ақыры алынды. Ұлыбритания тарихында және жалпы адамзат тарихында аса маңызды оқиғалардың бірі, бұл оқиға тек Ұлыбритания үшін діни бостандықты әкелген жоқ, бұл революция «Кәрі Еуропа» өзгеріп жатқанының белгісі болды. Революция отын ары қарай француздар алып кеткен болатын.

1789 жылы 14 шілде де Франция да революция басталды. Революцияның басталу себептерінің бірі ретінде, қарапайым халықтың ауыр жағдайда өмір сүруі. Монархия ішінен ыдырағанына қарамастан, саяси өзгерістерді бастағысы келмеді, ал Людовик XVI биліктегі өзгерістерге қарсы болды. 1788 жылы диканшылық нашар болғандықтан, көптеген шаруалар қалаға жинала бастады, сөйтіп олар қаланың радикалды топтарын құра бастады. Осыны көрген король 175 жыл бойы жиналмаған Генералды штаттарды жинауға мәжбүр болады. Үшінші таптың депутаттары саны жағынан дворяндармен рухани

биліктен бірге қосқанда кем болған жоқ болатын. Үшінші тапты басқарушылар ретінде буржуазия шықты. Олар бірден осы проблемадан шығу жолдарын таптардың бірігіп іздеуін және дауыс беруін сұрады. Егер де осы штатпен жұмыс жасаған жағдайда үшінші тап сөзсіз жеңіске жетер еді, өйткені дворяндардың ішінде де үшінші таптың идеяларын түсініп, қолдайтындар да бар болатын. Дегенмен, дворяндар және рухани элита бұл ұсынысты қабылдамады. Бұған жауап ретінде үшінші тап депутаттары ашық жанжалға барып, өздерін Ұлттық жиналыс деп жариялады. Ұлттық жиналыстың позициясын күшетіп жіберген Парижде бір жайт болды, ол қалың шаруаның көтерілісі еді. Осының нәтижесінде билік ірі буржуазияның қолына өтіп кетті. Осының барлығы ақыры Франция да революцияға әкелді. Революцияның нәтижесінде монархия құлап республика орнады. Француздардың бостандыққа және теңдікке деген құлшынысы нәтижесінде әлемде тағы бір демократиялық мемлекет пайда болған болатын. Әлемде теңдікке және бостандыққа негізделген 4-ші конституция қабылданды.

Бірақ, менің бас назар аударып отырған мәселем, ол әрине дін бостандығы болып табылғандықтан, атап кететін жайт ол, 1789 жылы 26 тамыз күні «Адам және азаматтың құқықтар декларациясы» қабылданды. Ол демократиялық құндылықтарға сай болды. Бұл адамзат тарихында ең маңызды құжаттардың бірі болып табылады. Себебі, адам құқықтарын жаңа деңгейге шығарды, осы құжат арқасында Франция да сословиелік бөліну бітті. Барлығы заң алдында тең деген қағиданы жариялаған декларация, шынмен де адам құқықтарын қорғауға тырысты.

Осы декларация діни негізде бөлінуді де тоқтатты. Декларацияның жариялауы бойынша, әр адам заң алдында тең, сондықтан оны діни көзқарастарына да қатысты қысымға немесе құқығын шектемеуге шақырды. Мысалы, аталған декларацияның 10 бабында былай делінген: «Ешкім өз көзқарастары үшін, діни сенімі үшін қыспаққа алынбауы керек, егер де оның көзқарастарын жеткізуі қоғамдық тәртіпті бұзбаған жағдайда» [14].

Ұлы Француз революциясы нәтижесінде адамзат адам құқықтары және діни бостандық мәселесінде тағы бір қадам алға басты. Бұл декларацияның бірінші кезектегі жетістігі құқығы шектеулі азаматтардың құқығы теңелді, ескі тәртіп құлап, жаңа заманның басталуына әкелді. Демократиялық құндылықтар шарықтап, әрбір

азамат өзінің қалаған дінін ұстануға мүмкіншілік алды. Діни негіздегі қудалаулар басылды. Бұл бірінші кезекте адамдарға рухани бостандықты сыйлады. Тек рухани еркін азаматтар нағыз өздерін еркін сезінуге мүмкіншілік алады.

Діни төзімділіктің және діни бостандықтың қалыптасуына үлкен ықпал еткен ол АҚШ-тың Конституциясы. Ұлыбританиядан өз тәуелсіздігін алып, тәуелсіз мемлекетке айналғаннан соң, 17 қыркүйек 1787 жылы Конституция қабылдаған болатын. Конституциясы бойынша, әразамат заң алдында тең екенін, ой бостандығын жариялады. Дегенмен, әлемдегі ең демократиялық конституциялардың ішінде бірінші қабылдаған кезекте діни бостандық мәселесі қозғалмады. Бірақ уақыт өте келе, 15 желтоқсанда 1791 жылы I өзгеріс енгізу арқылы, осы діни бостандық мәселесі шешілді: «Конгресс белгілі бір дінді қалыптастыратын немесе еркін құлшылық етуін шектейтін заңдарды қабылдау керек» [15].

АҚШ әлемдегі ең дінге төзімді мемлекеттің бірі ретінде қалыптасты. Дегенмен, 2001 жылғы террордан кейін олар діни төзімділік саясатын қайта қарауға тура келді. Мемлекетте еркін өз дінін насихаттап жүрген діни ағымдар енді қазіргі таңда шектелуде. Конституция аясында діни бостандық кепілдендіреді, бірақ бүгін АҚШ ұлттық қауіпсіздігіне қатты көңіл бөлуде. Қазіргі күрделі жағдайда діни төзімділікті сақтау қиын.

Адамзат тарихында діни бостандықтың дамуына ықпал еткен Ұлыбританиямен Түркия арасындағы «Қасиетті жердегі діни төзімділік жайлы эдикт» келісімі болды. Бұл келісім нәтижесінде мұсылмандар иудейлерге өздерінің тарихи жерлеріне қайтып келуге рұқсат етілді. Мұсылмандар мен иудейлер қасиетті жерде бейбіт өмір сүруге мүмкіншілік алды.

Діни бостандықтың дамуының келесі кезеңі Ресейде жалғасын тапты. 17 сәуір 1905 жылы «Діни төзімділіктің күшею бастамалары жайлы жарлық» жарық көрді. Император II николай осы жарлық арқылы өзге діндерге өмір сүруге мүмкіншілік берді. Жарлықтың арқасында христиан дінінің басқа да ағымдарына, ислам дінінің еркін дамуына жағдайлар жасалған болатын. Жарлықтан үзінді келтірсек:

1. Православтық сенімнен христиандық діннің басқа ағымына қарай немесе басқа діннің бағытына қарай бет бұру құдаланбау керектігін мойындау керек... [16].

Бұл Ресей империясының басқару формасының абсолюттік монархиядан конституциялық

монархия өту кезеңінде қабылданды десек болады. Билікте сол кезеңде либералистік көзқарастар дами бастаған еді. Діни көзқарастың өзгеруінің бір себептерінің бірі Еуропада монархиялар құлап, республикалар орнап, демократиялық ахуал Ресейге де жеткен болатын. Бұл кезеңде революционерлер де Ресейде белсенді қызмет атқарған болатын. Жағдайды ұшықтырмау үшін, саясаткерлер осындай қадамға баруға тура келді. Сонымен қатар, Ресейде II Екатерина кезеңінде 1791 жылы еврейлерге қатысты қабылданған заңдар жинағында атап кетсе болады. Бұл заңдар жинағын тарихшылар «Отырықшылық шекарасы» деп атайды. Бұл еврейлердің қоныстанған жерлерін шектеу саясаты болып табылады. Шоқындырылмаған еврейлердің құқығы шектелген болды, олар ауылдарда не қалаларда тұра алмады. Қала типті ауылдарда ғана қоныстануға рұқсат етілген болатын. Шоқындырылмаған еврейлерге ауыл шаруашылығымен, сауда-саттықпен айналысуға тыйым салынды. Гимназиямен университеттерде оқуына да мүмкіншілік берілмеді, осындай саясат нәтижесінде көптеген еврейлер Ресейден АҚШ-қа, Аргентинаға, Палестинаға кетуге мәжбүр болды. Еврейлерге арнайы губернияларда бөлінген жерлерде ғана өмір сүруіне рұқсат етілді. Мысалы:

1. Бессарабская;
 2. Виленская;
 3. Витебская, Себежская және Невельская
- уездерді қоса, Волинская;
4. Гродненская;
 5. Екатеринославская;
 6. Киевская;
 7. Ковенская;
 8. Минская;
 9. Могилёвская;
 10. Подольская;
 11. Полтавская;
 12. Таврическая;
 13. Херсонская;
 14. Черниговская.

Суражский, Мглинский, Новозыбковский және Стародубский уездерін қоса (қазіргі таңда Брянск обласының құрамында) [17].

«Отырықшылық шекарасы» Ақпан революциясынан кейін Уақытша үкімет бұл заңнамалардың күшін жойды. Осылай еврейлерге қатысты антисеметизм саясаты тоқталған болатын.

Большевиктер қазан төңкерісін жасап, билікке орныға бастаған сәтте, олар шіркеудің мемлекеттен және мектептің шіркеуден бөлінуі жайлы декретті 1918 жылдың 20 қаңтарда қабылдады.

Бір жағынан қарасақ, бұл заңнама діни бостандықты азаматтарына сыйлады. Бірақ, екінші жағынан шіркеу институтының жоюлуына әкелді. Бұл заңға қатысты қазіргі таңда даулар көп. Осы декретті қабылдағаннан кейін мемлекет зайырлы сипатқа ие болды, діни ар-намысты және бостандықты жариялады, сонымен қатар, шіркеудің жеке меншік иелік етуге тыйым салды. Кейбір пікір бойынша, Кеңес Одағы діндерге ешқашан тыйым салмады, діни бостандықты тіпті сыйлады депте айтып жүр. Бірақ олардың шарттары дінді өздігінен жоғалып кететін жағдайға қойған болатын. Декрет бойынша қарасақ:

1. Шіркеу мемлекеттен бөлінеді.

3. Әрбір азамат кез келген дінді ғибадат етуге немесе ешқандай дінді ғибадат етпеуге құқылы.

12. Ешқандай шіркеулер және діни ұйымдар жеке меншік иеленуге құқығы жоқ.

13. Ресейде бар барлық шіркеулердің және діни ұйымдардың жеке меншігі халыққа тиесілі [18].

Осы декретке қол қойылып күшіне енген кезде, көптеген қарсылықтар болды. Өйткені Ресейде діннің өмір сүруі сұрақ астында қалған болатын. Шіркеу өзінің жеке меншігінен және мемлекеттің қолдауынан айырылған болатын. Сөйтіп, бір жағынан діни бостандық берген коммунистер сол дінді жоқ болып кетуіне барлық күшін салды. Атейстік көзқарас қалыптаса бастады.

Кеңес Одағында да діни бостандық жарияланған болатын, дегенмен шіркеу жоқ мемлекетте қандай діни бостандық болсын? КСРО-да қабылданған 1918, 1936, 1977 жылғы негізгі Конституциялар да нақты белгіленген:

1918 жылғы РСФСР конституциясы бойынша:

13-бап: Еңбекшілерге шынайы ар-намыс еркіндігін қамтамасыз ету мақсатымен, шіркеу мемлекеттен және мектеп шіркеуден бөлінеді, ал барлық азаматтар үшін діни және антидіни пропаганда бостандығы мойындалады [19].

КСРО-ның 1936 жылы қабылданған Конституциясы бойынша:

124-бап: Азаматтарға шынайы ар-намыс еркіндігін қамтамасыз ету мақсатымен, КСРО-да шіркеу мемлекеттен және мектеп шіркеуден бөлінген. Әрбір азамат үшін діни ғұрыптарды ұстануға және антидіни пропаганда бостандығы мойындалады [20].

КСРО-ның 1977 жылы қабылданған Конституциясы бойынша:

52-бап: КСРО азаматтары үшін ар-намыс бостандығы кепілдендіреді, яғни кез-келген дін-

ді ғибадат етуге немесе ешқандай дінді ғибадат етпеуге, діни ғұрыптарды ұстануға немесе атейстік пропаганда жүргізе алады. Діни сенім бойынша алауыздықты және өшпенділікті өршітуге тыйым салынады. КСРО-да шіркеу мемлекеттен және мектеп шіркеуден бөлінген [21].

Егер өзіміздің отанымыздағы діни бостандық мәселесін қозғайтын болсақ, біздің мемлекет өзге мелекеттерге үлгі бола алады. Біздің мемлекетте тұрып жатқан өзге этностардың құқықтары тапталып жатқан жоқ, діни көзқарастары бойынша шектеліп жатқан жоқ. Өйткені тәуелсіздіктің бірінші күнінен бастап, мемлекет дін мәселесіне көңіл бөле бастады. Оған дәлел ретінде Қазақ ССР Жоғарғы Советінің 1990 жылғы 25 қазандағы қабылдаған «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясының» 5-бабында былай делінген:

«Республика территориясында тұратын азаматтарға олардың қай ұлтқа және партияға жататындығына, тегіне, әлеуметтік және мүлік жағдайына, жынысына және діни нанымына, жұмысының түріне, тұрғылықты жеріне қарамастан, ССРО Конституциясы мен Қазақстан Республикасы Конституциясында көзделген барлық праволар мен бостандықтарға кепілдік беріледі. Азаматтық және ұлттық тең праволылыққа қол сұғу заң бойынша жазаланады.

Қазақстан Республикасы Конституциясы шеңберінде жұмыс істейтін қоғамдық, саяси және діни ұйымдардың, бұқаралық қозғалыстардың мемлекет және қоғам өміріне қатысуы үшін Қазақстан Республикасы тең праволы мүмкіндіктерге кепілдік береді [22].

Қазақстан Республикасы мемлекет ретінде қалыптасқалы бері өз азаматтарына дін бостандығын жариялаған мелекеттердің бірі болды. Қазіргі таңдағы ата-заңымызда діни негізде бостандық кеңінен берілген:

14-бап

2. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, діни көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды.

19-бап

1. Әркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету-көрсетпеуге хақылы [23].

Байқағанымыздай, дүниежүзі тарихында діни бостандық және діни төзімділік мәселесі саясатқа ықпалы зор. Мемлекет діни ахуалға дер кезінде көңіл бөлмеген жағдайда, ол көтеріліспен немесе халық бірлігіне зиянын келтіретіні айдай анық.

Әдебиеттер

- 1 «Манифест Кира» http://www.peoples.ru/state/king/iran/cyrus_the_great/
- 2 Ашока Великий – индийский Дхармараджа // <http://khurul.ru/?p=465>
- 3 Надписи царя Ашоки // <http://dic.academic.ru/dic.nsf/ruwiki/1053900>
- 4 Эдикты царя Ашоки – настольная книга правителя // <http://proza.ru/2009/01/01/164>
- 5 Свобода вероисповедания // www.wikipedia.org
- 6 ЯСА // <http://www.kulichki.com/~gumilev/HD/hd110a.htm#hd110atext200>
- 7 Лэмб Гарольд. Чингисхан. Властелин мира. – М.: Издат. дом: Центрполиграф, 2007.
- 8 Беднов В.А. Православная Церковь в Польше и Литве. Глава I: От Казимира Великого до Сигизмунда III. – Минск: Лучи Софии, 2003.
- 9 Гугеноты // www.wikipedia.org
- 10 Нантский эдикт // www.wikipedia.org
- 11 Предпосылки, развитие и последствия «Славной революции» в Англии // www.revolution.allbest.ru
- 12 Билль о правах // Конституции и законодательные акты буржуазных государств XVII-XIX. – М.: Государственное издательство юридической литературы, 1957.
- 13 Акт о веротерпимости // engchurch.fromru.com
- 14 Декларация прав человека и гражданина 1789 года // <http://1789-fr.ru/declaration.html>
- 15 Конституция Соединенных Штатов Америки // www.umopit.ru/texts/USA/htm
- 16 Указ Об Укреплении Начал Веротерпимости // sobor.by/hoteev_ukaz1905.htm
- 17 Черта оседлости // www.wikipedia.org
- 18 Декрет об отделении церкви от государства и школ от церкви // <http://drevo-info.ru/articles/15402.html>
- 19 Конституция РСФСР 1918 года // <http://www.tarasei.narod.ru/konst1918.htm>
- 20 Конституция СССР 1936 года // <http://www.tarasei.narod.ru/konst1936.htm>
- 21 Конституция (Основной Закон) Союза Советских Социалистических Республик Принята на внеочередной седьмой сессии Верховного Совета СССР девятого созыва 7 октября 1977 г. // <http://www.hist.msu.ru/ER/Etext/cnst1977.htm>

- 22 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы декларация жөнінде Қазақ ССР Жоғарғы Советінің 1990 жылғы 25 қазандағы Қаулысы // e-history.kz/kz/contents/view/1634
- 23 Қазақстан Республикасының Конституциясы // http://www.akorda.kz/kz/page/kazakhstan-respublikasynyn-konstitutsiyasy_1339065134

References

- 1 «Manifest Kira» http://www.peoples.ru/state/king/iran/cyrus_the_great/
- 2 Ashoka Velikii – indiskii Dharmaradzha // <http://khurul.ru/?p=465>
- 3 Nadpisi carya Ashoki // <http://dic.academic.ru/dic.nsf/ruwiki/1053900>
- 4 Edikty carya Ashoki – nastolnaya kniga pravatelya // <http://proza.ru/2009/01/01/164>
- 5 Svoboda veroispovedaniya // www.wikipedia.org
- 6 YASA // <http://www.kulichki.com/~gumilev/HD/hd110a.htm#hd110atext200>
- 7 Lemb Garold. Chingizhan. Vlastelin mira. // Izdat.dom: Centrpoligraf//2007
- 8 Bednov V.A. Pravoslavnaya Cerkov v Polshe I Litve. Glava I: Ot Kazimira Velikogo do Sigizmunda III. – Minsk: Luchi Sofii, 2003.
- 9 Gugenoty // www.wikipedia.org
- 10 Nantskii edikt // www.wikipedia.org
- 11 Predposylki, razvitie I posledstviya «Slavnoi revoliucii» v Anglii // www.revolution.allbest.ru
- 12 Bill o pravah // Konstitucii I zakonodatelnye akty burzhuanyh gosudarstv XVII-XIX. – M.: Gosudarstvennoe izdatelstvo uridicheskoi literatury. 1957.
- 13 Akt o veroterpimosti // engchurch.fromru.com
- 14 Deklaraciya prav cheloveka I grazhdanina 1789 goda // <http://1789-fr.ru/declaration.html>
- 15 Konstituciya Soedinennyh Shtatov Ameriki // www.umopit.ru/texts/USA/htm
- 16 Ukaz ob Ukreplenii Nachal Veroterpimosti // sobor.by/hoteev_ukaz1905.htm
- 17 Cherta osedlosti // www.wikipedia.org
- 18 Dekret ob otdelenii cerkvi ot gosudarstva I shkol ot cerkvi // <http://drevo-info.ru/articles/15402.html>
- 19 Konstituciya RSFSR 1918 goda // <http://www.tarasei.narod.ru/konst1918.htm>
- 20 Konstituciya SSSR 1936 goda // <http://www.tarasei.narod.ru/konst1936.htm>
- 21 Konstituciya (Osnovnoi zakon) Souza Sovetskih Socialisticheskikh Respublik Prinyata na vneocherednoi sedmoi sessii Verhovnogo Soveta SSSR devyatogo sozyva 7 oktyabrya 1977 g. // <http://www.hist.msu.ru/ER/Etext/cnst1977.htm>
- 22 Kazakstan Respublikasynyn Memlekettik ege mendigi turaly deklaraciya zhoninde Kazak SSR Zhogary Sovetinini 1990 zhylygy Kazanyndagy Kaulysy // e-history.kz/kz/contents/view/1634
- 23 Kazakstan Respublikasynyn Konstituciyasy // http://www.akorda.kz/kz/page/kazakhstan-respublikasynyn-konstitutsiyasy_1339065134